

## **«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына түсініктеме**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Әкімшілік процедуралар туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына (бұдан әрі - заң) және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен оның Аппаратында құжаттармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне қағаз немесе «электронды үкімет» порталы арқылы электронды жеткізгіштермен келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштері келіп түскен күні кеңседе Электронды құжат айналымы бірыңғай жүйесінде (ЭҚАБЖ) тіркеліп, Мәжіліс депутаттарына тапсырылады.

Тікелей жазбаша өтініш берген өтініш берушіге бірегей нөмірі, күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетілген талон беріледі. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Депутаттардың жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауы кезінде алынған жазбаша және ауызша өтініштер де тіркелуі тиіс.

Аталған Заңының 5 бабының 1 тарауының талаптарын ескере отырып, келесідей өтініштер қарауға жатпайды:

1) мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер бар және мемлекеттік органдардың құзыреттеріне сәйкес оларға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, иесі бүркемеленген өтініш;

2) мәселенің мәні баяндалмаған өтініш.

Мәжіліс Төрағасы мен оның орынбасарларының атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері олар қаралғаннан кейін жазбаша тапсырма (бұрыштама) бойынша Парламенті Мәжілісінің тиісті комитетіне және өтініштің мазмұнына орай лауазымды тұлғаларға беріледі.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес Парламент Мәжілісінің құзіретіне жатпайтын жеке және заңды тұлғалардың өтініштері міндетті түрде үш жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш беруші хабарлана отырып тиісті өкілетті мемлекеттік, атқарушы органдарға, ұйымдарға жіберіледі.

Қарау үшін ақпарат алу немесе жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін өтініштер күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады, қарау үшін ақпарат алу немесе жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін өтініштер

келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Егер өтініште баяндалған мәселелерді шешу ұзақ мерзімді талап етсе, онда өтініш түпкілікті орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады, бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;
- 2) осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы;
- 3) өтініштің мәні бойынша түсінік беру туралы;
- 4) өтінішті қарауды тоқтату туралы.

### **Өтініштерді ресімдеу талаптары**

1. Өтініш құзыретіне өтініште қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жіберілуге тиіс.

2. Жеке тұлғаның өтінішінде – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның өтінішінде оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке өтініш беруші немесе электронды сандық қолтаңбамен расталуы тиіс.

Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі.